

ӘОЖ 458.11

ОНЛАЙН БАҚ-ТАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

Байжан Назерке Байжанқызы

nazerke.baizhan@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультетінің 1-курс магистранты, Қазақстан, Нұр-Сұлтан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Ғ.М.Ақсейіт

Қазіргі кезде халықтың қаржылық тұрғыда сауатты болуы өзекті мәселе. Қаржылық сауат жекелей тұлғалардың игілігі үшін ғана пайдалы емес. Ел экономикасының дамуы да халықтың сауатына тікелей байланысты екенін ескеру керек. Сондықтан қаржылық сауатты болу – бүгінгі күннің талабы. Қарыз бен несиенің құрығынан құтылу да, қаржы мәселесі бойынша әртүрлі алаяқтыққа ұрынбау үшін де экономикалық сауатты болу маңызды. Осы орайда, халықтың қаржылық сауаттын арттыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары қарқынды жұмыс істеп келеді.

Елімізде қаржылық танымды арттыруға бағытталған телебағдарламалар мен түрлі сайттар қатары артуда. Қарапайым күнделікті шығынды есептеу, несие мәселесі, ел экономикасындағы жетістіктерге шолу жасайтын басылымдар мен арнайы бағдарламалардың ашылуы көрермен мен оқырман қатарының артып келе жатқанын білдіреді. Түрлі сайттарда жеке «экономика», «қаржы» бөлімдері ашылып, халыққа ақпарат

ұсынуда. Тұрақты оқырман мен көрерменді ұстап тұру, сапалы ақпарат беру мақсатында интернеттің мүмкіндігін барынша пайдаланып, сайт пен әлеуметтік желідегі парақшаларын қатар жүргізуде.

Халықтың қаржылық сауатының төмен болуы салдарынан жеке қаржылық құралдар мен қаржылық нарықтың сегменттері нашар дамуда. Институтционалды көзқараспен қарағанда қаржылық сауаттылық құрылымдық құрал болып табылады. Ол экономикалық саясатты тұрақтандыра түсуге және оны демеуге мүмкіндік береді, өйткені мемлекет қолданған шараны халық айқын түсінетін болады. Оған қоса, қаржылық сауаттылық нарықтың дұрыс дамуының кепілі бола отырып және сол себептен қаржылық тұрақсыздықтың алғышарттарының пайда болуына жол бермей, қаржылық нарықтың тұрақты қызмет етуіне әсер етеді. Сол себепті халықтың қаржылық сауатының деңгейін жоғарлату мәселесі макроэкономикалық көзқарастан да маңызды. Азаматтардың сауатының жоғары болуының өзі жаңа экономика құрудағы талаптардың бірі болып табылады. Себебі, қазіргі заманда ақпараттық технологиялардың дамуымен ел экономикасында да жедел ілгерілеушілік басым.

Микроэкономикалық дәрежеде қаржылық сауат кез келген тұлғаның ақшаға деген көзқарасын қалыптастырып, оны дұрыс басқаруға, болашақты тиімді жоспарлауға, өзінің өмірлік мақсаттары мен қажеттіліктерін айқындауға көмектеседі. Қаржылай жетістікті қоғамды үш фактор арқылы анықтауға болады. Бірінші фактор – бұл халықтың қаржылық құралдарды пайдалану бойынша және қаржылық институттардың жұмысы туралы тәжірибесі мен білімінің болуы, сонымен қатар қаржылық үрдістерді және олармен байланысты тәуекелді түсінуі. Кезекті фактор – халықтың түрлі қаржылық институттармен өзара әрекеттесе алуы. Бұл кез келген адам өзіне қажетті ақпарат көзін таба алу мүмкіндігі және өзіне қажетті құқықтар мен міндеттерін білу, сонымен қатар өзінің мүддесін қорғай білу деген сөз. Үшінші фактор – бұл азаматтардың экономикалық ойлауының және салмақты қорытынды жасау қабілетінің дамуы, сонымен қатар өзінің жеке қаражаты мен жалпы экономика арасындағы өзара қатынас туралы түсінігінің дамуы. Мұнда қаржылық сауатты адам қате қаржылық әрекеттер жасаудан аулақ екенін, сонымен қатар қаржылық алаяқтықтан да анағұрлым сақтана алатындығын, ақпаратты тексеріп, сараптама жүргізе алатынын ескерте кеткен жөн.

Мысалға алатын болсақ, **2020 жылдың қараша айында Dauletten.kz сайты өз оқырманы арасында сауалнама жүргізіп, несиеге қатысты бірқатар сұрақтарға жауап алды. Оған бүгінге дейін 27 842 адам қатысып, шынайы статистикаға қол жеткізуге өзіндік үлес қосты.**

Кесте №1

«Сіздің жасыңыз қай аралыққа жатады?» сұрағына оқырман жауабы		
<i>жас аралықтары</i>		
21-35 жас	35-55 жас	55-75 жас
<i>несие алғандар саны</i>		
16 308 адам	10 829 адам	705 адам

Кестеден көріп отырғанымыздай, несиеге қатысты сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі – жастар. Бүгінде олардың орта және жоғары буыннан гөрі көбінесе тұтынушылық несиеге жиірек жүгінетіні жасырын емес. Мысалы, 90-жылдарға дейін адамдар ақшаны қарызға алмай, өз қаржылық күшіне сеніп өмір сүрсе, 90-жылдардан соң банк саласы қарқынды дамып, көп дүниеге жасанды қажеттілік туғызып отыр. Сондықтан жаңа буын жастарына несие алу қалыпты құбылысқа айналған.

Кесте №2

«Несиені қандай қажеттілік үшін алдыңыз?» сұрағына оқырман жауабы	
несие жабу үшін	8 457 адам
тұрмыстық техника және электроника үшін	6 978 адам

тұрғын үй алу үшін	4 796 адам
жеке кәсіп үшін	3 448 адам
көлік алу үшін	3 176 адам
той жасау үшін	987 адам

Оқырмандардың көпшілігі бар несиесін жабу үшін жаңа несие алғанын көріп отырмыз. Өйткені сауалнама қорытындысы олардың басым көпшілігінде екі несие екенін көрсетіп отыр. Өкініштісі, бір басында бес несиеден көп адамдар да аз емес.

Кесте №3

«Несиені қанша процентпен алдыңыз?» сұрағына оқырман жауабы			
<i>ұсынылған нұсқалар</i>			
15%-ке дейін	15-20% аралығында	20%-тен жоғары	білмеймін
<i>адам саны</i>			
2 685	5 271	8 675	12 622
Сауалнамаға қатысушылардың жалпы саны: 29 253 адам			

Сауалнаманың несиенің процентіне байланысты статистикасы қатысушылардың 43 %-ті қанша процентпен несие алғанынан хабарсыз екенін көрсетіп тұр. Бұл – несие алушылардың басым көпшілігінің қаржылық сауатсыздығының белгісі.

Осы ретте, 7kun.kz сайтының бағыты іскерлік журналистика саласын дамытып, оқырманға қаржылық-танымдық ақпарат ұсынады. Сайтта жарияланған материалдар «Банк жаңалықтары», «Кеңесші», «Кәсіпкер» айдарларына сай дайындалады.

Ал Dauletten.kz сайтында «Баспанаға бағыт» бөліміне оқырман сұранысы басым. Қаралым мен пікір саны басқа бөліммен салыстырғанда әлдеқайда көп. Себебі баспана тақырыбы еліміздің ең өзекті мәселелерінің бірі. Әр азаматтың өз үйіне қол жеткізуі – жаңа, жақсы өмірдің бастамасы. Еліміздің әлеуметтік саясаттың маңызды бағыттарының бірі әр азаматты қолжетімді және сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету болып табылады. Мемлекет тарапынан тұрғын үй мәселелері бойынша көптеген бағдарламалар жасалғанымен, оның тиімді және кемшіл тұстары халыққа түсініксіз болып жатады. Сондықтан «Баспанаға бағыт» айдарында тұрғын үйге қатысты ақпарат оқырманға қарапайым, нақты әрі түсінікті тілде жазылған.

Жалпы, онлайн БАҚ-тағы қаржылық мәселелердің жазылуы бүгінгі заман талабы. Азаматтардың қаржылық сауатының артуы дұрыс үнемдеп, жеке бюджетті сауатты басқаруға, тиімді мемлекеттік бағдарламаларды пайдалануға, тіпті кәсіп бастауға жол ашады. Ең бастысы – ел экономикасының дамуы да халықтың сауатына тікелей байланысты екенін ескерген жөн.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. <https://dauletten.kz/> қаржылық-танымдық сайты
2. <https://7kun.kz/> іскерлік журналистика сайты
3. Мельников В.Д., Ли В.Д. Қаржының жалпы курсы, Алматы. 2005.